

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат берді. Президент өткен жылы еліміз үшін маңызды болған оқиғаларды, саяси реформалардың қалай жүзеге асырылып жатқаны, әділ және бәсекелі экономика жүйесінің құрылу үрдісі жөнінде егжей-тегжейлі айтып берді. Қаңтар оқиғасына қатысты уақыт тегершігін кері айналдырып, бұрынғы күнге оралу үшін жанталасқандардың әрекетінен еш нәтиже шықпағанын атап өтті. Сонымен қатар табалдырықтан жаңа аттаған 2024 жылдың да еліміз үшін айрықша маңызды болатынын, бұл ретте тиянақты да жоспарлы әрекеттер жалғаса беретінін баяндады.

2-5-БЕТТЕР



№1
(4589)
Бейсенбі
4 қаңтар
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТӨРАҒАЛЫҚ – ҚАЗАҚСТАНДА

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (ҰҚШҰ) төраға болады.

2023 жылдың 23 қарашасында Минскіде ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кеңейтілген құрамда өткен сессиясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҰҚШҰ-ға төрағалық ету міндеті Қазақстан Республикасына өтетінін мәлімдеген болатын.

Мемлекет басшысы Қазақстан төрағалығы кезінде Ұйым қызметі бойынша ерекше назар аударуды қажет ететін бірқатар басым бағытты ұсынды.

Президент ұсынған басым бағыттар: ҰҚШҰ-ның қауіпсіздік саласында мүдделі елдермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату; әскери ынтымақтастық мәселелері бойынша қарым-қатынас; халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл бағытындағы ынтымақтастықты дамыту; есірткі және психотропты заттардың заңсыз айналымына да қарсы күрес; қару-жарақтың заңсыз айналымымен және трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтармен күрес; төтенше жағдайлардың алдын алу және оның салдарын жою мәселелері бойынша ынтымақтастықты нығайту; ақпараттық технология саласындағы қылмыстарға қарсы іс-қимылды жандандыру.

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Жаңа күнтізбелік жылдың басы қарапайым халық үшін жағымды жаңалықтармен басталды. 1 қаңтардан бастап айлық есептік көрсеткіш 3692 теңгеге өсіп, соған сәйкес әлеуметтік төлемдер де ұлғайды. Қарапайым қарашаның әл-ауқатының қалай жақсарғаны, базалық көрсеткіштердің қалай өзгергені туралы 7-беттегі шолу мақаламыздан оқи аласыздар.

7



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТ

2024 жыл Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде волонтерлік қозғалыс жылы болып жарияланды. Бұл бастаманы Қазақстан Президенті ұсынған еді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың ізгі ниетіне ТМД басшылары түгелдей қолдау білдірді. Осылайша, биыл еріктілердің қайырымдылық, мейірімділік, өзара көмектесу іс-шаралары халықаралық деңгейге ұласатын болады.

БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН!

Жаңа жыл түні Астанада 10 бала дүниеге келді.

«Қалалық көпбейінді ауруханалардың акушерлік блоктарында дүниеге келген сәбилердің алтауы – ұл бала, төртеуі қыз бала болды. Жаңа жыл түнінде өмірге келген нәрестелер мен аналардың денсаулығы жақсы. Сәбилердің бауы берік болуына тілектеспіз» деп хабарлады Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова.

Жалпы, республика бойынша жаңа жыл түнінде 191 сәби дүниеге есігін ашты.



АВТОБУС ҚОСЫМШАСЫН ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

Елорданың қоғамдық көлігінде электронды жол ақысын төлеу және диспетчерлеудің жаңа жүйесін енгізу аясында, автобустардың қозғалысы мен нақты орналасқан жері туралы ақпаратты Avtobus мобильді қосымшасында көруге болады.

Мобильді қосымша App Store, Google Play, AppGallery арқылы жүктеп алуға қолжетімді.

«Қазіргі уақытта жаңа жүйеге көшуге байланысты интеграциялық жұмыстар жүргізілуде. Сондықтан,

аялдамалардағы ақпараттық таблоларда автобустардың келу уақыты уақытша қолжетімсіз болады. Бұл мәселе 2024 жылдың қаңтар айының соңына дейін шешіледі» делінген «City Transportation Systems» хабарламасында.



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ТЕК

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақытыңыздың тығыздығына қарамастан «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат беруге келіскеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің қоғамды толандыратын мәселелер туралы пікіріңіз қазақ баспасөзі үшін өте маңызды. Сондықтан түрлі тақырыпта өзіңізбен ашық әңгіме өрбіткіміз келеді. Өткен жыл несімен есіңізде қалды?

– Осы мүмкіндікті пайдаланып, барша отандасымды тағы да Жаңа жыл мейрамымен құттықтаймын!

2023 жыл еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы жыл болды. Біз негізгі саяси реформаларды аяқтап қалдық. Конституциялық Сот жұмысын бастады. Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жаңа ереже бойынша сайланды. Алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайладық. Ауыл және аудандық маңызы бар қала әкімдерін сайлау жалғасты. Былтыр 700-ге жуық ауыл әкімі сайланды.

Біз әділ және бәсекелі экономика жүйесін құруға кірістік. Экономиканы артаптаңдыру және монополиядан арылту, инфрақұрылымды жаңғырту, бизнесті қолдау, инвестиция тарту жұмыстарымен мықтап айналыстық. Әлеуметтік салада қордаланып қалған мәселелер біртіндеп шешіле бастады. Еліміздің түкпір-түкпірінде білім ошақтары, оның ішінде, «жайлы мектептер» бой көтеруде. Ауылдарда денсаулық сақтау нысандары салынып жатыр. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға кешенді түрде қолдау көрсету үшін Әлеуметтік кодекс қабылданды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтар үшін арнайы төлемақы енгізілді. Табиғатты қорғауға жауапты мекемелердің қызметкерлеріне олардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп-қатерге қатысты үстемеақы төленетін болды. Медицина қызметкерлерінің, мектепте, колледжде және балабақшада жұмыс істейтін педагогтардың жалақысы өсті. Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселесін реттейтін заң күшіне енді. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде инфляция деңгейін ескере отырып ең төменгі жалақыны анықтайтын әдістеме қабылданды.

Осы жұмыстың бәрі 2024 жылы да жалғасады. Біз тиянақты және жоспарлы әрекет жасаймыз, мақсатқа жету үшін үздіксіз алға ұмтыламыз. Бұл – айрықша маңызды жыл болмақ. Өйткені осы кезең еліміздің алдағы бес жылдағы дамуына негіз болады.

– Ал жаңа жылдан не күтесіз? Еліміздің алдында қандай міндеттер тұр?

– Мен өткен қыркүйектегі Жолдауымда жаңа экономикалық үлгіге көшетінімізді айттым, 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді қызгірден екі есеге арттыру мәселесін басты стратегиялық мақсат ретінде белгіледім. Көп ұзамай Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді. Онда еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы шығарылып, алдағы жұмыстың амал-тәсілдері айқындалады.

Ұлттық құрылтайдың отырыстары идеология саласындағы мәселелерді, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісін, қоғамның құндылықтар жүйесін жаңғырту жайын талқылайтын тиімді пікірталас орнына айналды. Бұған дейін жазды-гүні шақырылып келе жатқан Құрылтайдың отырысын биыл



сәл ертерек, көктемде өткізетін шығармыз.

Осылайша, биыл экономикалық, қоғамдық-саяси және гуманитарлық салаларда атқарылатын жұмыстың негізгі бағыт-бағдары бірінші тоқсанда-ақ айқындалады.

Біз ұлт мүддесін ескере отырып, сындарлы әрі салиқалы сыртқы саясатты жалғастырамыз. 2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды саммит, форумдар өтеді. Қазақстан бірнеше беделді халықаралық ұйымға, атап айтсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етеді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу де еліміз үшін айтулы оқиға болмақ. Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәрiптеу жағынан да, Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызды екені сөзсіз.

Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді. Биыл әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125, даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толады. Сонымен қатар тарихшылардың пайымдауынша, Жомы ұлысының іргесі қаланғанына – 800 жыл. Мемлекеттілігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады. Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл – өзімізден 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық маман жұмылдырылып, тыңғылықты жасалып жатқан үлкен шаруа.

Осындай маңызды оқиғалардан бөлек, күнделікті атқарылуға тиіс жұмыстар да аз емес. Бұл жылдың ел тарихында қандай орын алатыны барша азаматымыздың ерік-жігеріне де байланысты. Мен жаңажылдық құттықтауымда биыл бәріміз тұтас ұлттың өсіп-өркендеуіне куә болатынымызды айттым. Бірақ осы мақсатқа жету үшін біз бір ел болып, білек сыбана жұмыс істеуіміз керек.

– Қасіретті Қаңтар оқиғасынан бері тура екі жыл өтті. Қаңтар Қазақстан тарихындағы жаңа дәуірге жол ашқан бетбұрыстың белесі болды. Сіз бұған дейінгі өздеріңізде,

сұхбаттарыңызда сол қайғылы оқиғаға нақты баға бердіңіз. Дегенмен, әлі де бірқатар сұрақ бар. Қаңтар оқиғасына әртүрлі түсініктеме беретіндер де кездеседі. Алмағайып күндерден бері біршама уақыт өтті. Қазір Сіз сол оқиғаны қалай сипаттағар едіңіз? Оның басты себебі неде және оған не түрткі болды деп ойлайсыз?

– Мен бұл туралы көп ойланмын, әлі де жиі ойланамын. Меніңше, қасіретті Қаңтар оқиғасына жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жалпы тоқыраудың билік пен қоғамды аздырып-тоздыруы себеп болды. Бұл – айтпаса да түсінікті жайт.

Мен 2019 жылы Президент болып сайланғаннан кейін мемлекетіміз саяси жүйені демократияландыруға, қоғамдық өмірге еркіндік сипат беруге, экономиканы монополиядан арылтуға бет бұрды. Реформаларды әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қоғам өкілдері, белсенді азаматтар, сарапшылар қатысты. Түрлі диалог алаңдарында, соның ішінде, менің ұсынысыммен арнайы құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырыстарында көптеген бастама көтеріліп, жан-жақты пысықталды.

Ашығын айтсам, осы жаңа бағдарымыз кейбір ықпалды адамдарға мүлде ұнаған жоқ. Олар бұл өзгерісті елімізде әбден тамыр жайған жүйеге және билік құрылымындағы өздерінің «ерекше мәртебесіне» төнген қатер деп қабылдады. Мұндай адамдар елдегі өзгеріске астыртын, кейде тіпті ашық қарсылық білдіре бастады. Ақыр соңында реформаның бетін қайтарып, өздеріне ыңғайлы бұрынғы қалыпқа оралу үшін бәрін тасталқан етуге шешім қабылдады.

Жоғары лауазымды тұлғалардан тұратын бұл топтың күштік құрылымдарға да, қылмыс әлеміне де орасан зор ықпалы болды. Сондықтан билікті күшпен басып алуға бел буды. Тергеу мәліметтеріне жүгінсек, олар 2021 жылдың ортасына таман дайындыққа кіріскен. Сосын Үкімет сұйытылған газдың бағасын күрт өсіру туралы жан-жақты ойластырылмаған, құқықтық негізі жоқ шешім қабылдады. Маңғыстау облысында арандатушылардың айтағына ілескен жұрт шеруге шықты.

Сол кезде Үкімет менің тапсырмаммен арнаулы комиссия құрды. Оның мүшелері қоғам өкілдерімен кездесіп, ортақ мәмілеге келу үшін бірден аймаққа барды. Бірақ наразылық шерулері экстремистік сипат алды. Оны қаскөйлер дереу өз мүддесіне пайдаланды.

Бас прокуратураның тергеуінен қаңтар оқиғасының бірнеше тоқпынмен өрбігенін

көруге болады.

Шерулер алдымен Маңғыстау облысында басталды. Көп ұзамай басқа да өңірлерге жайылды. Орталық билік және әкімдіктер жағдайды реттеуге тырысқанымен, ел ішіндегі ахуал шиеленісіп кетті. Ортақ мәмілеге келу үшін жүргізілген келіссөздер мен диалогке толқуды ұйымдастырушылар еш мойын бұрмады.

Көптеген аймақта алғашқы қақтығыстар басталды. Мұның бәрі арнайы дайындалған жансыздары арқылы жағдайды одан әрі ушықтыруға тырысқан қаскөйлер үшін «ізденгенге сұраған» болып шықты. Осындай аса күрделі жағдайдың өзінде құқық қорғау органдары өзін қолданбай, шабуыл сақтады. Бұл – екінші толқын.

Жетекшілері ымыраласқан топтың айтқанын екі етпейтін және лаңкестермен, оның ішінде сырттан келген лаңкестермен байланысы бар қылмыстық топтар өршелене іске кіріскенде үшінші толқын басталды. Олар арнаулы технологияны, арандатушылар мен қарақшыларды пайдаланып, бейбіт шерулерді жаппай тәртіпсіздікке ұластырды. Ұрып-соғу, қирату, өртеу, өзгенің мүлкін қасақана жою белең алды. Дүрбелең кезінде қарулы радикалдар мен лаңкестер бір мезетте, бір ғана бұйрықпен мемлекеттік органдардың және күштік құрылымдардың ғимараттарына, қару-жарақ дүкендеріне, құқық қорғау мекемелері мен әскери бөлімдердің қоймаларына шабуыл жасады. Мұндай оқиға Алматыда ғана емес, бірқатар облыс орталығында да болды. Қаңтар оқиғасы кезінде үш мыңнан астам қару қолды болғанын айта кеткен жөн.

Оның ішінде автомат, пулемет, тіпті гранатомет және басқа да атыс құралдары бар. Оған қоса, көлік инфрақұрылымы және телекоммуникация нысандары шабуылға ұшырады. Қарақшылар мен лаңкестер өзара ұйымдасып, бір-бірімен тығыз байланыста әрекет жасағанын тағы да қайталап айтқым келеді.

Қаскөйлердің мемлекеттік төңкеріс жасамақ болған жоспарын жүзеге асыру үшін экстремистер, қылмыстық топтар және әсіре діншілдер бірге қимылдады. Олардың мақсаты ел ішіне үрей туғызу, мемлекеттік институттардың қызметін тұрлатып, конституциялық құрылымның іргесін шайқау, ақыр соңында билікті басып алу еді.

Сол кездегі ахуал өте күрделі болды, еліміз құрдымға кетуге шақ қалды. Бұған жол бермеу үшін барлық іс-әрекетті күндіз-түні және сағат сайын тікелей өзін бақылап отырдым. Ішкі істер министрлігі арқылы Ақорда резиденциясына түрлі

шабуыл жасалғалы жатыр, соған жүк көліктері пайдаланылады деген ақпарат жетті. Маған бас сауғалап, резиденциядан кету, тіпті шетел асу туралы ұсыныс бірнеше рет айтылды. Бірақ мен бұған үзілді-кесілді қарсы болдым. Теледидар арқылы жасаған мәлімдемелерімнің бірінде қандай жағдай болса да жұмыс орнымда қалатынымды ашық айттым. Екі апта бойы тапжылмай, Ақордада болдым, күн-түн демей, шұғыл жиналыстар өткіздім. Сол аласапыран күндерде мемлекетімізді сақтап қалу, елдегі заң мен тәртіп үстемдігін қалпына келтіру ең басты міндет еді.

– Қазақстанға Ресейдің әскери қызметшілерін шақыру қаншалықты дұрыс шешім болды? Біздің мемлекетті сол кезде Ресей құтқарып қалды деген пікір көрші елде жиі айтылады.

– Аймақтарда жаппай тәртіпсіздік белең алып, жергілікті билік дәрменсіздік танытқанда, Қауіпсіздік кеңесі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жүгіну туралы шешім қабылдады. Қазақстан оның бітімгерлік күштерін тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ғана қысқа мерзімге енгізуді сұрады. Бұл жерде мына жайтқа баса мән беру керек. Біз бұл құрылымның мүшесі ретінде Ресейге емес, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жүгіндік.

Сол кезде осы ұйымның төрағасы Армения еді. Биыл ҰҚШҰ-ға Қазақстан төрағалық етеді. Құрылым жасағы, шырын мәнінде, бітімгерлік рөл атқарып, қасіретті күндерде елді жайлаған жүгенсіздікті тоқтатуға септігін тигізді. Ұйымға мүше-мемлекеттермен келісілгендей, бұл бітімгерлік күштер алдын ала ешқандай талап қоймастан, оның үстіне мерзімінен бұрын Қазақстаннан сыртқа шығарылды.

ҰҚШҰ бітімгерлік күштері лаңкестікке қарсы операцияларға қатысқан жоқ, бірде-бір оқ атқан жоқ. Армения жасағы «Ақсай» нан зауытын және «Алматы су» мекемесін, Беларусь жасағы Жетігендегі аэродромды, Тәжікстан мен Қырғыз Республикасының әскери қызметшілері Алматы қаласының бірінші және екінші жылу электр орталықтарын, Ресей жасағы үшінші жылу электр орталығы мен телекоммуникация нысандарын күзетті. Осы маңызды нысандарға лаңкестік шабуылдар жасалуы мүмкін деген қауіп болды. Сондықтан бітімгерлік күштер соларды күзетуге жіберілді. Ең бастысы, сол арқылы өз күштерімізді лаңкестікке қарсы операцияға жұмылдыруға мүмкіндік туды.

– Демек бұл жүзеге аспай қалған мемлекеттік төңкеріс қой. Ендеше Қаңтар оқиғасын халық көтерілісі, тіпті революция деп атап жүргендерге не айтар едіңіз?

– Бастапқыдағы бейбіт шерулер жаппай тәртіпсіздікке, өртеу мен қиратуға ұласқан қайғылы оқиғаларға бүкіл әлем куә болды. Кім бейбіт шеруге автомат, тапанша және суық қару ұстап барады?! Ниеті дұрыс адам әскери қызметшілерді ұрып-соғып, өлтіре ме, оларды тірі қалқан етіп, әкімшілік ғимаратқа шабуыл жасай ма?! Бейбіт шеруде дүкендер мен банктер қиратылып, тоналып, көліктер өрттеле ме?! Билік органдарының ғимараттары мен полиция бөлімдеріне жасалған шабуылды айтпай-ақ қояйын. Осындай жаппай тәртіпсіздіктің салдарынан үш миллиард долларға жуық шығын келді.

Қаңтар оқиғасының себеп-салдарын бұрмалап көрсетудің қажеті жоқ. Тұрасына көшсем, бұл халық көтерілісі болды деген пікірлер қылмыстық әрекеттерді ақтау үшін айтылуда. Барып тұрған бұзақыларды батырға балап, жұртты арандататын әрі жауапкершіліктен жұрдай сыңаржақ пайымдар қылмыстық психологияның қоғам санасына сіңуіне әкеп соқтырады. Мұндай әңгімелер – ұлттық қауіпсіздікке және халықтың жаймашуақ өміріне қатер төндіретін жаппай тәртіпсіздікке шақырумен пара-пар. Бұл – өте қатерлі үрдіс. Сондықтан осындай жүгенсіздікті сыңға алу мәселесіне келгенде мемлекет пен қоғамның ұстанымы ортақ болуы керек. Мен бұған сенімдімін.

– Онда азаматтар биліктің іс-әрекеті ұнамайтынын қалай білдіреді алады?

– Елімізде биліктің іс-әрекетіне жария түрде келіспеушілік білдіруге толық мүмкіндік бар. Азаматтар өзін толғандыратын мәселе туралы ашық айта алады. Мен мемлекеттік органдардан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес, қоғамның пікірімен санасуды талап етіп келемін. Елімізде бейбіт жиналыстарды реттейтін демократиялық сипаттағы заң бар. Жақында петицияларды тапсыру және қарау тәртібін реттейтін заң қабылданды.

Сондықтан бір нәрсені анық білуге тиіспіз. Бейбіт шеруге тығым салынбайды, ал жаппай тәртіпсіздіктің кез келген түріне қатаң тосқауыл қойылады. Елімізде заң мен тәртіп қана үстемдік құруға тиіс. Бұл – мен үшін мызғымас қағида. Демократияның бесігі саналатын батыс елдеріне қараңыздар, ешкім де көшеде жаппай тәртіпсіздік жасаған, мемлекеттік органдарға шабуылдаған адамның маңдайынан сипап, өбектеп отырмайды.

Полиция жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушыларды, яғни биліктің заңды талаптарына қарсы шығуға үндеген, қару-жарақ әкеліп таратқан, жағдайды ушықтырып, адамдарды күш қолдануға, маңайдағынын бәрін қиратуға, өртеп-талқандауға азғырған адамдарды анықтап, әшкереледі. Ал тәртіпсіздікке кездейсоқ қатысқан, бітімсізпен арандап қалған адамдардың бұзақыларға қатысы жоқ. Оларға менің бастамамен рақымшылық жасалды. Бұған дейін сотталған 1205 адамның 1095-і осы рақымшылыққа ілікті. Ал жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырғандар мен лаңкестік әрекеті, мемлекетке сатқындығы, билікті күшпен басып алуға тырысқаны және басқа да ауыр

ҚАНА АЛҒА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК



қылмыс жасағаны үшін сотталғандар жазасын толығымен өтейтін болады.

– Келесі сұрақ сізге ұнамауы мүмкін. Бірақ бұл сауалды қоймасқа тағы болмайды. Сіз 2019 жылы Президент лауазымына сайланғаннан кейін елімізде қосарланған билік жүйесі қалыптасты-мыс деген сөз тарайды. Кейбіреулер біздің саяси жүйемізді Иранның, Сингапурдың жүйесімен салыстырды. Шынымен бе, сол кезде елімізде екі билік орталығы орнағандай көрінді. Расымен солай болды ма?

– Төтесінен қойған сұрағыңызға тура жауап берейін. Конституцияға сәйкес, Президент еліміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, мемлекетіміздің жоғары лауазымды тұлғаларын, Қарулы Күштеріміздің жоғары басшылығын тағайындайды және оларды қызметінен босатады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы еліміздің Жоғарғы Бас қолбасшысы саналады.

Алайда бәзбіреулер қосарланған билік жүйесін орнатуға талпынғаны, тіпті, мұндай әрекеттерді әдейі әрі мұқият ұйымдастырғаны рас. «Билік транзиті» кезіндегі ахуалды саясаттағы айлакерлер өз мүддесіне пайдаланып, қосамжарланған билік орталығын құруға тырысты. Елімізде Президент әрі Жоғарғы Бас қолбасшы лауазымы бір бөлек, бұрынғы Президент иеленген Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы лауазымы бір бөлек болды. Осы екі лауазымның иелері бір мезетте қатар қызмет атқарды. Түптің түбінде бұл жағдайдың билікте қатаң текетірес туғызбай қоймасы анық еді.

Мұны аз десеңіз, дәл осы жағдай Қаңтар дағдарысына әкеп соқтырған алғашқылардың бірі болды. Өйткені ымыраласқан қаскөйлер өздері ойлап тапқан қосарланған билік, яғни «тан-дем» идеясын дәріптеп, оны өз мүддесіне пайдаланғысы келді. Кейбір лауазымды тұлғалардың, оның ішінде бұрынғы Әділет министрінің мәртебе жағынан Елбасы Президенттен жоғары тұратынын айтқаны естеріңізде шығар. Кейбір шенеуніктер біресе ана, біресе мына кабинетті

жағалап жүрді. Олар ойнақтап жүріп, ақыры от басты. Мен кейінірек Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа оның жақын серіктерінің саяси қитұрқылығы еліміздің тас-талқанын шығара жаздағанын ашық айттым.

Қалай десек те, мемлекетте үлкен және кіші президент деген болмауы керек деп санаймын. «Кеттің бе – қайырылма!» Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар осы жағдайдан сабақ алып, мұндай нәрседен қашық болуға және тек қана мемлекеттің мүддесі мен қоғамның береке-бірлігін ойлауға тиіс.

Өкінішке қарай, ішкі саяси дағдарысқа байланысты туындаған сын сағатта негізгі құқық қорғау органдары басшыларының бетпердесі сыпырылып, олардың кәсіби біліктілігі, қала берді сатқындығы ашкере болды.

Ата заңға сәйкес жұмыс істейтін орнықты әрі тиімді мемлекеттік институттар жүйесін құру ауадай қажет екені Қаңтар оқиғасынан айқын көрінді. Біз бір ел болып, бұл дағдарысты еңсердік, қиындыққа қасқая қаршы тұрып, одан тіпті шыңдалып шықтық. Азаматтарымыздың бекем бірлігінің және барлық деңгейдегі билік өкілдерінің батыл іс-әрекетінің арқасында алапат апаттың бетін қайтарып, елдегі ахуалды тұрақтандыра алдық. Кейін кейбір қаскөйлер тергеу кезінде халық жауапты сәтте жұдырықтай жұмыла біледі, билік қандай қатерге де қаймықпай төтеп бере алады деп еш күтпегенін мойындады.

– Қаңтар оқиғасынан кейін Сіз түбегейлі саяси реформаларды жүзеге асыруға кірістіңіз. Оны Батыс та мойындап отыр. Енді кешегі күнге оралмайтынмызды аңғартағын «асудан» астық деуге бола ма? Қайтадан кері кетпейтінімізге қандай кепілдік бар?

– Мен саяси реформалардың 2019 жылы басталғанын айтып өттім. Сол кезде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Кеңесте маңызды заңнамалық бастамалар әзірленіп, жүзеге асырылды. Сайлау, саяси партиялар, Парламент туралы заңдарға елеулі өзгерістер енгізілді. Елімізде олигополияның диктатурасы туралы алғаш рет

ашық айтыла бастады.

Бұл өзгерістер саяси және экономикалық монополия үстемдік құрып тұрған кезде жалғанды жалпағынан басып жүргендерге қауіп төндірді. Сондықтан олар уақыт тегершігін кері айналдырып, бұрынғы күніне оралу үшін жанталасып бақты. Бұдан еш нәтиже шыққан жоқ.

Қаңтар оқиғасынан кейін бәзбіреулер «енді билік қылбұрауды қатайтып, режимді сақтап қалу үшін барын салады» деп қауіптенді. Бірақ біз керісінше жасадық. Күрделі болса да, дұрыс жолды таңдадық.

Саяси жаңғыру үдерісі 2022 жылы тың қарқынмен жалғасты. Реформаның басты міндетінің бірі барынша әділ әрі теңгерімді саяси жүйе құру болды. Оған қоса, ат басын артқа бұру, яғни саяси өзгерістерді кері қайтару мүмкін болмайтынды, сонымен бірге реформалар қоғамдық өмірдегі қалыптасқан құбылысқа айналатындай ахуал қалыптастыру маңызды еді. Сол үшін конституциялық реформа аясында кертартпалыққа бірқатар тосқауыл қойылды.

Біріншіден, біз Ата заңның үстемдігін қамтамасыз ететін, конституциялық бақылауды жүзеге асыратын жоғары орган – Конституциялық Сотты қайта қалпына келтірдік. Біреулерге Конституциялық Кеңестің аты ғана өзгергендей көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, оның заты түбегейлі өзгерді.

Конституциялық Сот шешімдерінің күшін ешкім жоя алмайды. Оның шешімдеріне, соның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты байламдарына күмән келтіруге, Президенттің де еш қақы жоқ.

Ата заңға енгізілуі мүмкін кез келген өзгеріс пен толықтыру Конституциялық Соттың оң қорытындысы болса ғана республикалық референдумға немесе Парламенттің қарауына шығарылады.

Конституциялық Сотта он бір қазы бар екені белгілі. Соның алтауын, яғни көпшілігін, Парламент палаталары тағайындайды. Ал төрағасын Президент тағайындағанымен, міндетті түрде Сенаттың келісімі қажет. Екіншіден, негізгі ұстанымдар

Конституцияда нақты айқындалып, біржола бекітілген. Мысалы, Ата заңның 91-бабына сәйкес, Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері және осы жерде айрықша атап өтейін, Президент жеті жыл мерзімге бір рет қана сайланады деген ереже еш өзгермейді.

Үшіншіден, реформалардың нәтижесінде Мәжіліс жаңа сайлау жүйесімен, яғни партиялардың тізімі және бірмандатты округтер арқылы жасақталатын болды. Мәжілістің өкілеттігі де айтарлықтай кеңейді.

Бір сөзбен айтсақ, ескі жүйе келмеске кетті. Қазақстандағы саяси реформалар жүйелі ғана емес, ешқашан кері қайтпайтын түбегейлі сипатқа ие болды деп сеніммен айта аламыз. Мұның еліміз үшін айрықша маңызы бар. Себебі ұлттың саяси сана-сезімі түбегейлі өзгерді. Жұрттың құқықтық сауаттылығы мен белсенділігі демократиялық жаңғырудың басты кепіліне айналды. Тоқетерін айтсақ, кері кетуге халықтың өзі жол бермейді және елге жаңа леп әкелген осы өзгерістерді табандылықпен қорғайды. Мен бұған бек сенімдімін.

– Дегенмен, билікті сынап жүргендер, оның ішінде Батыстың өкілдері де, Қазақстанда әлі күнге дейін саяси тұтқындар бар деп жатады. Бұған не дейсіз?

– Саяси қудалау бар деп айту үшін цензура, арнаулы заңдар мен жазалаушы органдар болуы керек. Қазіргі Қазақстанда мұның ешқайсысы жоқ. Біздің заңнамалық азаматтарды саяси көзқарасы үшін қудалауға негіз болатын бірде-бір жарлық, бірде-бір заң, бірде-бір нормативтік құжат жоқ.

Керісінше, реформалардың нәтижесінде адам құқықтарын қорғау жүйесі нығая түсті. Заңдарға қазылардың тәуелсіздігін күшейтетін түзетулер енгізілді. Алқа билердің қарауына жататын істердің аясы кеңейді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты толық жұмыс істеп тұр. Оған конституциялық мәртебе берілді. Мен бытыр желтоқ-

сан айында адам құқықтарына қатысты екінші Жарлыққа қол қойдым. Мұның бәрі осы салада дәйекті әрі түбегейлі өзгеріс жасалып жатқанын көрсетеді.

Мемлекеттің басты міндетінің бірі – заңның мүлтіксіз орындалуын, тәртіптің қатаң сақталуын толық қамтамасыз ету. Сондықтан заң бұзған кез келген адам жауапқа тартылады. Ал заңмен тәртіпті сақтау мәселесіне азаматтардың идеологиялық ұстанымы мен саяси көзқарасының еш қатысы жоқ. Заң бәріне ортақ.

Кейбіреулер прокуратура органдарының ескертуіне қарамастан, адам түсініп болмайтын кесірлік көрсетіп, заң бұзады. Ондай адамдар өзін заңнан жоғары қойып, «Атың шықпаса, жер өрте» деген ұстаныммен елге танымал болғысы келетін сияқты.

Көптеген тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істеп тұрған, саяси цензура атымен жоқ елде саяси қудалау бар деу қаншалықты орынды?

Ол аз десеңіз, жаңа заң қабылданып, бейбіт жиналыс өткізу үшін рұқсат алудың орнына хабарлау тәртібі енгізілген соң, Қазақстандағы бейбіт жиындардың саны еселеп артты.

Мен түйткілдердің түйінін айкай-шүмен алаңда емес, диалог үшін арнайы құрылған орындарда, ең алдымен, Парламентте өркеніетті жолмен, салиқалы түрде тарқату керек деп үнемі айтамын.

Қазір Парламентте түрлі көзқарастағы қоғам өкілдерінің мүддесін білдіретін сан алуан саяси күштер бар. Парламенттік оппозиция институты заң жүзінде бекітілді.

Соңғы сайлауда Мәжіліске алты партия өтті. Оның үшеуі алғаш рет депутаттық мандатқа ие болды. Тіпті қазір Парламентте отырған партияның бірі – әуел бастан оппозициялық ұстанымдағы ұйым.

Көптеген шетелдік сарапшылар мен әріптестер, соның ішінде Батыс елдерінің мамандары, Қазақстандағы демократиялық реформалардың озық үлгіде екенін айтып, оған қолдау білдіріп отыр. Шынымен де, біз геосаяси төңірегінде ауқымды демократиялық өзгеріс жасап,

адам құқықтарын қорғау ісінде зор табысқа жеткен бірден-бір елміз.

– Әлеуметтік желіде Президент Конституцияға қатысты референдум өткізіп, 2026 жылы тағы да сайлауға түсуді жоспарлап отыр деген қауесет тарап жатыр. Бұл рас па?

– Бұл – жалған ақпарат. Бұдан былай әркім ойына келгенін істеп, Ата заңға оңды-солды өзгеріс енгізе алмайды. Ал осындай маңызды мәселеге келгенде, тіпті мүмкін емес. Мен бұған нық сенімдімін. Конституциялық реформа Ата заңға қалай болса солай өзгеріс енгізе беру үшін жасалған жоқ.

Президент лауазымына бір-ақ рет сайлану туралы ереже енді ешқашан өзгермейді. Бұл талап мемлекетіміздің тәуелсіздігі, біртұтастығы, аумақтық тұтастығы және басқару нысаны туралы нормалар сияқты мызғымастай етіп бекітілген.

Ақыры осы тақырып қозғалған екен, бұған қатысты кейбір жайтқа кеңірек тоқталып, мән-жайын аша кетейін. Мен жетіжылдық бір ғана мерзім туралы идеяны осыдан 15 жыл бұрын жабық пікірталастарда айтып жүрдім. Сол кезде ұсыныс аса қолдау таба қоймады. Өзім Президент болып сайланғаннан кейін, осы бастаманың артықшылығы мен кемшілігін өбден салмақтап, оны қалай жүзеге асыруға болатыны жөнінде көп ойландым.

Суперпрезиденттік тән өкілеттіктерді жою үшін 2022 жылы Конституцияға бірқатар маңызды өзгеріс енгізілді. Мен сол кезде жетіжылдық бір мерзім идеясын қайта ұсындым. Бастамама бүкіл халық қолдау білдірді. Осымен бұл өңгіме тәмам.

– Экономика тақырыбына ойысақ. Сіз бытырғы Жолдауыңызда Әділетті Қазақстанның жаңа экономикалық бағдарын жарияладыңыз. Онда 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есе арттырып, 450 миллиард долларға жеткізу көзделген. Алайда Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің болжамдарына сенсек, 2023-2024 жылдары ел экономикасының өсімі 3-4 пайыздан аспайды. Мұндай қарқынмен мақсатқа жете аламыз ба?

– Әрине, бұл – жетуге болатын меже. Халықаралық валюта қорының сарапшылары 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Ішкі жалпы өнімі қазіргі бағамен есептегенде 259 миллиард доллардан асады, яғни 2022 жылмен салыстырғанда 15 пайызға артады деп бағалап отыр. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары ақшалай өсім. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім де өсіп келеді. Бұған қатысты болжамды көрсеткіш бытыр 13 мың долларға жуықтады.

Оның жыл сайынғы өсімі 1,6 мың доллар болады деп бағалануда. Халықаралық валюта қорының болжамына сәйкес, 2028 жылға қарай бұл көрсеткіш отыз пайыздан да көбірек артып, 16,8 мың долларға жетеді.

Шын мәнінде, мен үшін макроэкономикалық көрсеткіштер соншалықты маңызды емес, азаматтардың тұрмыс сапасының іс жүзінде жақсаруы одан әлдеқайда маңыздырақ.

Халқымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді. Үкімет экономиканы басқарудың тың тәсілдерін қолдана алса, жаңа айтылған жақсы болжамдар ақиқатқа айналады. Осы орайда негізгі екі бағытқа тоқталайын.

(Соңы 4-5-беттерде)

БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ТЕК

(Жалғасы.
Басы 2-3-беттерде)

Біріншіден, еліміздің өркендеуіне жол ашатын бірқатар нақты міндетті шешу қажет. Сондай міндеттің бірі – ауқымды өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру. Қыркүйектегі Жолдауда Үкіметке мұндай жобаларды анықтау және Инфрақұрылымды дамыту жоспарын әзірлеу туралы тапсырма берілді. Бұл жобалар ірі бизнес өкілдерімен, институционалды инвесторлармен және сарапшылармен бірге пысықталып, нақты жұмыс жасалып жатыр.

Тағы бір маңызды міндет – инвестиция тарту. Бұл міндетті орындауға жекешелендіру және активтерді қайтару науқандары да септігін тигізеді. Қомақты инвестиция болса, экономика қарқыны үдейе түседі және жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Осы орайда мен жақында Инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл штабқа еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсарту және инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыру үшін ауқымды өкілеттік берілген.

Екінші бағыттағы жұмыс экономиканың барлық саласына қатысты «ойын тәртібін» белгілейтін жүйелі реформаларды жүзеге асыру шараларын қамтиды.

Менің тапсырмаммен Үкімет мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексіні әзірлеп жатыр. Салық жүйесін жетілдіргенде тек төлем жинау тәсілімен шектеліп қалмау өте маңызды. Бір жағынан, инвесторларға қолайлы жағдай жасау керек. Екінші жағынан, бюджет кірісінің азайып кетпеуіне мән берген жөн. Яғни таразы басын тең ұстау қажет.

Жаңа Бюджет кодексі де – өте маңызды құжаттың бірі. Біз «қазына қаражатына» деген көзқарасымызды өзгертіп, оны тиімді, жөнімен әрі үнемдеп жұмсауға тиіспіз.

Бұл ретте мемлекеттік сатып алу ісін және мемлекет пен жеке сектордың серіктестігін реттейтін жаңа заңдар елеулі рөл атқарады. Осы құжаттар мемлекеттік сатып алу ісінің ашық болуын да қамтамасыз етеді. Сондай-ақ экономиканы дамытуға қажетті қаражат қорын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Квазимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруға көп көңіл бөлу қажет. Қазір бұл секторды жаңғырту шаралары айқындалып, іске асырылып жатыр.

Сіздің сұрағыңызға жауап бере отырып, мына мәселеге назар аударғым келеді. Әлемдегі экономикалық ахуал біздің елге де салқын тигізетіні сөзсіз. Алайда кез келген қиындық жаңа мүмкіндікке жол ашады. Үкіметтің жел қайдан соқса да желкенді өзіне оңтайлы бұра алатындай, жан-жақты ойластырған жоспары болуға тиіс. Экономиканың өсімін ынталандыру шаралары мен құрылымдық реформалар қатар жүруі керек. Нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту, жекеменшікті қорғау, әділ сот төрелігі болуы өте маңызды. Сонда ғана көздеген мақсаттарымыздың бәріне қол жеткізіп, белгіленген мерзімде ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайта аламыз.

– Несиесін өтей алмай жүрген адамдар біздің газетімізге жиі хат жазып, қоңырау шалады. Жалпы, халықтың қарызға батуы күрделі мәселе болып тұр. Осы мәселені шешу үшін не істеліп жатыр?



– Мен азаматтарымыздың қарызға белшеден батқанына қатты алаңдаймын. Себебі бұл мәселе жұрттың әлеуметтік жағдайына және еліміздегі қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мен 2019 жылы Мемлекет басшысы ретінде қол қойған алғашқы құжаттың бірі қиын жағдайға тап болған азаматтардың борышын азайту туралы Жарлық еді. Сол уақытта 500 мың адамның кепілсіз алған несиесі кешірілді. Бұл бірреттік шара болатын. Ал 2023 жылы жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң күшіне енді. Мұның бәрі мәселенің түбегейлі өзгерту үшін коллектор ұйымдарының қызметін қатаң реттеу керек.

Негізінен, бұл жағдайға жұрттың қаржылық сауаттылығының төмендігі себеп болып отыр. Екінші жағынан, тұтыну несиеcін беру тәртібін және коллектор ұйымдарының қызметін қатаң реттеу керек.

Сол үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. Мысалы, соңғы жылдары банктер мен микрокредит ұйымдарына қойылатын тұтыну несиеcі капиталының көлеміне қатысты талаптар бес есе күшейтілді. Төлеу мерзімі өтіп кеткен берешегі бар адамдарға несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ қарызын уақтылы өтей алмаған борышкерге 90 күннен әрі айыппұл салуға болмайды. Коллектор агенттіктеріне тұрақты тексеру жүргізіледі.

Борышкерлер құқығын қорғау үшін несие беру туралы заңнамаға енгізілетін түзетулер әзірленді. Бұл өзгерістер банктерге, микрокредит ұйымдарына және коллектор агенттіктеріне талапты одан да күшейте түседі. Несиелерді коллектор компанияларына сатушы шектеу ұсынылады. Коллектор компаниялары қарызды өзіне алған соң мәселені реттеп көруге міндетті болады. Банк омбудсменінің өкілеттігі де кеңейтіледі. Қазір бұл құжатты Мәжіліс депутаттары қарап жатыр. Мен бұл бастаманы қолдауға дайынмын.

– Қазір көптеген отандасымыз қымбатшылық белең алғанына, тарифтердің өсіп жатқанына, жұмыссыздық мәселесінің шиеленіскеніне және аймақтардағы жалпы ахуалға алаңдап отыр. Күнделікті күйбеңнен және аяқ астынан туындайтын түйткілдерден бас көтере алмай жатқан қазіргі Үкіметтің

стратегиялық міндеттерді іске асыруға қауқары бар ма? Сіз Үкімет жұмысының тиімділігіне қандай баға бересіз?

– Кез келген елдің Үкіметі стратегиялық міндеттері мен күнделікті жұмысын қоса атқарады. Бізде де солай. Ең бастысы, тиімді жоспарлау және ресурстарды орынды пайдалану керек.

Үкіметтің қазіргі құрамы былтыр көктемде ғана жасалды. Конституциялық реформа жасалып, Парламент сайлауы өткен соң алдыңғы Парламенттің де, Үкіметтің де мандаты күшін жойды. Конституцияға сәйкес бұрынғы Үкімет жаңадан сайланған Мәжіліс депутаттарының алдында өз өкілеттігін тоқтатты. Сайлауда ең көп дауыс алған Аппат партиясы Премьер-министрдің кандидатурасын ұсынды. Әрине, партия мұны Президент пен ақылдас отырып жүзеге асырғанын жасырмаймын.

Аппат партиясының сайлау алдындағы тұғырнамасының экономикаға қатысты бөлігі қазір Үкіметтің бағдарламасы негізінде жасалды.

Бүгінде Үкіметтің өкілеттігі айтарлықтай кеңейді. Қыркүйек айында құрылымы өзгерген Президент Әкімшілігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты стратегиялық бағыттарға баса назар аударатын болды. Енді Әкімшілік бұрынғыдай Үкіметті, кейбір министрліктер мен ведомстволарды жетелеп жүрмейді. Президент Әкімшілігі атқарушы биліктің қызметіне араласпай, басты саяси штаб ретінде ғана жұмыс істейді. Осыған дейін екі органның да құзырында болған бірқатар өкілеттік Үкіметке берілді. Түрлі салаға қатысты шешім қабылдау құқығы Үкіметке және басқа да жауапты органдарға өтті. Аймақтардың да дербестігі артты.

Бір сөзбен айтсақ, қазір Үкіметтің өнімді жұмыс істеуі үшін мүмкіндіктері жеткілікті. Атқарушы билікке жан-жақты ойластырылған іс-қимыл стратегиясы және өз міндетін тиімді жүзеге асыруға деген ынта-жігер ғана қажет. Дербестікке және қосымша өкілеттікке ие болуға ұмтылған Үкімет қалағанын алды. Бірақ «алмақтың да салмағы бар», оларға қойылатын талап та күшейді. Үкімет мұны түсінуге тиіс.

– Еліміздің отын-энергетика кешені мен коммуналдық шаруашылығының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз

ету – Үкіметтің міндеті. Қазіргі Үкімет бұл міндетін әуірімдеп, әрең атқарып отыр деуге болады. Апаттардың салдарымен күресіп, қыстың көзі қырауда еліміздің түкпір-түкпіріндегі елді мекендерді жылумен, жарықпен, сумен тұғыл қамтамасыз етуге тура келеді. Қалайша осындай жағдай қалыптасып отыр?

– Жылу электр орталықтарындағы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы мүшкіл ахуал – көп жылғы салғырттықтың салдары. Осы саладағы түйткілдер бір күнде аяқ астынан пайда бола қалған жоқ. Оның бәрі жылдар бойы қордаланған мәселелер екені баршаға мәлім. Өңірлердегі жылу орталықтары мен басқа да құрал-жабдықтардың 80 пайызы әбден тозған. Өткен жылдарда коммуналдық шаруашылыққа салынған инвестиция бұл саланың қажетін өтеуге жеткіліксіз болды.

Электр энергетикасы нысандарында болып жататын іс-шараларды қарқынды дағдарып отырған кезеңде қылып көрсетіп, жылумен қамтамасыз ету ісіндегі болмашы олқылықты «қасіретке айналдыруға» ұмтылатын әлеуметтік желідегі белсенділер отқа май құйып, елді дүрбелеңге салып жүр.

Бүкіл Қазақстандағы инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту – өте ауқымды әрі күрделі міндет. Бұл мәселе біртіндеп шешіліп жатыр. Көктем-жаз айларында Үкімет пен әкімдіктер жылу маусымына дайын болу үшін бірз жұмыс жасады. Жағдайы сын көтермейтін бірқатар нысанды жөндеді.

Ең алдымен, күрделі апаттардың алдын алып, үйлерге жылуудың үздіксіз берілуін қамтамасыз ету керек. Бірақ жаңа құат көздерін ашу, желілерді біртіндеп жаңарту және коммуналдық саланы түгел жаңғырту басты міндет екенін ұмытпаған жөн.

Қазір жылу желілері әрең жұмыс істеп тұр. Үкімет пен әкімдіктер батыл қимылдап, қажетті шараларды дереу қолға алуы керек. Онсыз болмайды. – Мұның бәрі еліміздегі энергетикалық қауіпсіздік нысандарының жай-күйі көңіл көншітпейтінін білдіреді. Сіз Жолдауыңызда АЭС салу-салмау мәселесі жалпыхалықтық референдум арқылы шешіледі деп мәлімдедіңіз. АЭС «жасыл» энергетика саналғанымен, қоғамда

бұған қатысты әртүрлі пікір айтылып жүр. Мұндай нысан салу туралы жоспардың геосаяси астары да жоқ емес. Сіздің ұстанымыңыз қандай?

– Қазақстан үшін таза атом энергиясының мәні зор. Бұл – ел экономикасының болашағына тікелей әсер ететін айрықша маңызды мәселе. Біз табиғи уран өндіру көлемі жағынан әлемде бірінші орын аламыз. Ядролық отын компоненттерін де өзіміз өндіреміз. Сол себепті мен еліміздің аумағында АЭС салу жайына айрықша мән беремін. Түптеп келгенде, энергетика қауіпсіздігі мәселесін геосаяси мүдде емес, нақты қажеттілік пен мүмкіндіктер тұрғысынан қарастырып, ғылыми зерттеулер негізінде шешкен жөн.

Ел ішінде АЭС құрылысына үзілді-кесілді қарсылық білдіріп жатқандар да бар. Бұл – түсінікті жайт. Көпшілік Семей ядролық полигонының қасіретін ұмыта қойған жоқ. Мұқият назар аударуды қажет ететін басқа да күрделі жайттар бар. Мысалы, жобаның құны мен экологияға әсерін қаперден шығаруға болмайды.

Сондықтан бұл бастаманың мән-маңызын ескере отырып, АЭС құрылысына қатысты мәселені жалпыхалықтық референдумға шығаруды ұсындым. Халқымыз үшін аса маңызды осындай шешімдердің референдум арқылы ғана қабылданатыны 2019 жылғы сайлау алдындағы бағдарламада нақты көрсетілді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен Әділетті Қазақстан қағидаттарының іс жүзінде орындалуы дегеніміз – осы.

Болашақта әлі талай қоғамдық талқылау өткізіледі. Азаматтар референдумда дауыс берген кезде АЭС салуды жақтаған немесе қарсы болған сарапшылардың дәйекті пікірлерін барынша таразылап, ой елегінен өткізіп барып шешім қабылдауға тиіс. АЭС саламыз ба, салмаймыз ба – мұны халық шешеді.

– Былтыр сыртқы саясат саласында ауқымды жұмыс атқарылды. Қазақстан түрлі саммиттер мен форумдарда өз ұстанымын барынша әлмектік жеткізе білді. Сіз әлемдік деңгейдегі көшбасшылармен көптеген кездесу өткіздіңіз. Әсіресе, өңірлік «С5+» үлгісіндегі басқосулардың маңызы арта түсті. Мұның бәріне Сіздің әлемдік дипломатиядағы абырой-беделиңіз де белгілі бір дәрежеде

ықпал еткені анық. Алдағы уақытта сыртқы саясатымызда қандай айтулы оқиғалар болмақ?

– Қазақстан тиімді әрі сапалы сыртқы саясат жүргізу арқылы өзінің ұлттық мүддесін қорғап, стратегиялық міндеттерін орындап келеді. Біздің өзгермейтін мақсат-мұратымыз бар. Бұл – еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, экономикамыздың орнықты дамуына барынша қолайлы жағдай жасау. Мен он жыл Сыртқы істер министрі болғанда осы басымдықтарды айқындауға тікелей атсалыстым. Қазіргідей аумалы-төкпелі геосаяси жағдайда бізге шетелдік серіктестеріміздің бәрімен, әсіресе, көршілерімізбен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту маңызды.

Сіз «С5+» үлгісіндегі ықпалдастықтың өзектілігі артып келе жатқанын дұрыс аңғардыңыз. Орталық Азия – геосаяси ахуалға қатысты өз пайымы бар әрі қарқынды дамып жатқан аймақ. Бүгінде бұл өңір сауда, инвестиция, бизнес, инновация үшін жаңа мүмкіндіктер орны болып отыр. Сол себепті әлем елдері Орталық Азияға айрықша назар аударуда. «С5+» үлгісі маңызды диалог алаңына айналды.

Тұрақты әрі өзара сенімге негізделген жоғары деңгейдегі диалогтер болмаса, аймақтағы мемлекеттердің басқа да ықпалды елдермен қарым-қатынасын қарқынды дамытуы неғайбыл еді. Соңғы жылдары бұл бағытта біршама ілгерілеу бар. Әсіресе, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының жыл сайынғы консультативтік кездесулері нәтижелі өтіп келеді. Айтпақшы, Қазақстан төраға ретінде биыл да осындай үлгідегі кездесу ұйымдастырады. 2024 жылы еліміз өңірлік және халықаралық деңгейдегі бірқатар ықпалды ұйымдар мен бірлестіктерге төрағалық ететінін жаңа ғана айтты өттім.

Тағы бір маңызды шара – Астана халықаралық форумы. Биылғы маусым айында өтетін алқалы жиына әлемнің көптеген көшбасшысы мен жаһандық деңгейдегі компаниялардың жетекшілері қатысады. Жиында климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік сияқты барша елдерге ортақ мәселелер талқыланады.

БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында Франциямен бірлесіп «One Water Summit» халықаралық форумын өткізу туралы уағдаластықтың мән-маңызы зор. Бұл басқосу климаттың өзгеруіне қатысты жаһандық қозғалысқа сүбелі үлес қосатын жиын болмақ.

– 2024 жылдың наурыз айында Ресейде президент сайлауы өтеді. Бұл оқиға жаһандағы және аймақтағы ахуалға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Биыл Ресейде ғана емес, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Үндістанда, Әзербайжанда және басқа да мемлекеттерде сайлау өтеді. Сондай-ақ Еуропарламент депутаттары сайланады. Әрине, біз осы сайлау науқандарын жіті бақылап отырамыз.

Ресейде өтетін президент сайлауының біз үшін мәні зор екені сөзсіз. Өйткені Астана мен Мәскеу арасында өте жоғары деңгейде қарым-қатынас орнаған. Ресей Қазақстанның негізгі серіктесі әрі одақтасы екені баршаға аян. Өткен отыз жылда мемлекетаралық байланыстардың іргесі беки түсті. Екі ел арасында 300-ден астам шарт пен келісім

№1 (4589) 04/01/2024 Бейсенбі

ҚАР ТОҚТАУСЫЗ ШЫҒАРЫЛЫП ЖАТЫР



Соңғы аптада елордада тынбастан қар жауып, жерді көмкеріп тастады. Түні бойы жауған ақ ұлпа қарлы боранға ұласып, қалалықтарды едәуір әбiгерге салды. Осыған орай, коммуналдық қызметтер тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Бүгінде қаланы қалың қардан тазарту жұмысына күн сайын 260-тан аса жол жұмысшы мен мыңнан аса арнайы техника жұмылдырылуда.

Ауа райының күрт нашарлауына байланысты қала ішіндегі кейбір көшелермен қоғамдық көліктің жүруі қиындап, қалың қар, көктайғақ, боран салдарынан автобус бағдарлары кешігіп, қалалықтар біраз қиналып

қалды. Осыған байланысты қаланың коммуналдық қызметтері қар күреу жұмысын кешкі және түнгі уақытта қарқынды түрде жүргізіп, жұмысты тәулік бойы күшейтілген режимде жалғастыруда. Ережеге сәйкес, қала жолдарында кептеліс болмас үшін бірінші көлік көп жүретін көшелердің қары тазартылады. Мектептерге, балабақшаларға, ауруханаларға кіретін орындар, тротуарлар мен жолдарды тазартуға да басымдық беріледі. Түнгі уақытта магистральдық көшелерде сыпыру-жинау техникаларымен қар күреліп жатыр.

Биылғы қыс маусымы басталғалы Астанадан 920 мың текше метрден астам қар шығарылды. Жұмыс жалғасуда. Түнгі уақытта 1400-ден аса арнайы техника мен 260-тан аса жұмысшылар көшелерді қардан тазартумен айналысып жатыр. Ал қаңтардың 1-інен 2-сіне қараған түні елорда көшелерінен 30 654 текше метр қар немесе 2 204 рейс қар шығарылды. Аудандық әкімдіктерде қар күреу жұмыстарының барысын бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

Елордада бірнеше қар полигондары бар. Олар жүк көліктерінің нөмірлерін оқу жүйесімен жабдықталған. Ол жерде бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

Қалалық әкімдік жүргізушілерді жылдамдықты шектен асырмай, жол ережесін сақтауға шақырады.

2024 жылдан бастап Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық ету кезегі Қазақстан Республикасына өтті. Алдағы үш жыл бойы еліміз аталған ұйымды басқаратын болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылдың соңына дейін ХАҚҚ Президенті болып сайланды.

АРАЛДЫ ҚҰТҚАРУ ҚОРЫНА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТЕДІ

Құрамына Қазақстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан кіретін Халықаралық Аралды құтқару қоры Арал теңізін құтқаруға және өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға, сондай-ақ жалпы әлеуметтік-экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған бірлескен мемлекетаралық экологиялық және ғылыми-практикалық бағдарламалар мен жобаларды іске асырумен айналысады.

«Біз Орталық Азия мемлекеттерімен, сондай-ақ басқа да халықаралық ұйымдармен және қаржы

институттарымен ынтымақтастықты арттыруды жоспарлап отырмыз. Биыл біз Дүниежүзілік банкпен бірге жүзеге асырылып жатқан Солтүстік Аралды сақтау жобасының екінші кезеңін бастауды жоспарлап отырмыз. Арал теңізін құтқару – бұл ХАҚҚ-ға қатысушы барлық елдің бірлескен күш-жігерінің арқасында ғана орындалатын міндет. Алдағы үш жылда біз осы бағытта маңызды нәтижелерге қол жеткізуге ниеттіміз» деді ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

ҰЛАНДАР АЛҒЫСҚА БӨЛЕНДІ

Ұлттық ұлан сарбаздары жоғалған баланы жақындарына қайтарды. Осылайша астаналық жедел бригаданың әскери қызметшілері қала тұрғындарына көмектесті.

1 қаңтарда сағат 17:15 шамасында Нұра ауданында қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік-бекеттік қызмет атқару кезінде саябақтардың бірінде кішкентай баланы көреді. Әскери жасақ бастығы, қатардағы жауынгер Айдын Мәдениетов пен патрульші, қатардағы жауынгер Дінмұхаммед Қуанған бұл факт туралы патрульдік топ бастығына баяндап, жақын маңдағы нарядтарды хабарлар етеді. Аз уақыттан кейін сарбаздар баланың анасын тауып, оны ата-анасына қайтарды. Қуанышты ана әскерилерге қызметте сәттілік тілеп, жауаптылығы мен жеделдігі үшін

алғысын айтты.

«Екінші оқиға кешкі сағат 23:45-те болды, мерекелік шыршаның жанындағы патрульдік маршруттағы бұл әскери жасақ 15 Pro iPhone моделін тапты. Бұл туралы басшылыққа хабарланды. Біз іздеуді бастағаннан кейін смартфонға телефон иесінен қоңырау түсті. Кейін ол табылған жерге келді. Өңгіме барысында біз смартфонның осы жас жігітке тиесілі екеніне көз жеткіздік» дейді қатардағы жауынгер А.Мәдениетов. Ал кейін жас жігіт болса сарбаздарға қырағы және адал қызмет еткені үшін ризашылығын білдірді.

2024 МЕТР ЖҮГІРДІ

Өткен жылдың соңғы күні Астанада жаңа жылдық бұқаралық жүгіру жарысы ұйымдастырылды. Оған кез келген адам қатысуға мүмкіндік алып, нәтижесінде 1000-нан аса адам жиналды.



Жарыс Ботаникалық бақтың Ақмешіт көшесі тұсынан басталды. Соңғы меже ЭКС-ПО аумағындағы бас шырша маңы болды. Қатысушылар келген жылға орай 2024 метр қашықтықты жүгіріп өтті. Мәреге бірінші жеткен алғашқы 1000 адамға қатысқаны үшін символикалық медальдар тапсырылды. Қатысушылардың арасында лотерея ойынатылып, 5 адам велосипед ұтып алды.

Жалпы биыл елордада бұқаралық жүгіру жарысы көп өткізілді. Атап айтқанда, Astana Run, Astana Half, Astana Marathon, Koktal Run жарыстары, қайырымдылық жүгіру жарысы, триатлондар, инклюзивті фестивальдер, Талғат Бигелдиновтің 101 жылдығы құрметіне арналған жүгіру және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылды.

ҰБТ-ҒА ӨТІНІШТЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ

Қаңтар айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш қабылдау 29 желтоқсаннан басталып, 6 қаңтарға дейін жалғасады. ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz. сайтында немесе УТО қосымшасы арқылы жүргізіледі.

Қаңтар айында өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеу 18 қаңтар мен 10 ақпан аралығында өтеді. Естеріңізге сала кетсек, қаңтардағы ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданған, жазғы ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамағандар, шығармашылық ББТ-дан басқа дайындық бағыттарына, педагогикалық бағытқа ақылы негізде ауысқысы келетіндер, сондай-ақ мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады. Қатысушылар тестілеу өткізілетін орынды, күнді және уақытты өздері таңдайды. ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалады, яғни үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша болады. Алайда «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарады. Ал бейіндік пәндердің сұрақтар саны артып, 40

тест тапсырмасынан тұратын болады.

Атап өтейік, бейіндік пәндерде берілген тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылады. Осылайша, ҰБТ тапсырмалар саны өзгеріссіз қалады, жалпы 120 сұрақ. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырма. Жоғары балл – 140, ол да өзгеріссіз қалды.

«Осы өзгерістерді есепке ала отырып, біз жаттығу тестін іске қостық. Еліміздің білім беру орталықтарымен бірлесіп ҰБТ-ға дайындалуға арналған тегін онлайн-сабақтарды бастадық. Сонымен қатар оқу жылының басында

ҰТО сайтында тест тапсырмалары құрастырылған әдебиеттер тізімі мен тест жоспары; «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша 100 тарихи дата тізімі; «Информатика» пәнінен терминдер тізімі; «Қазақ әдебиеті» және «Орыс әдебиеті» бойынша әдеби шығармалар тізімі жарияланды. Сондай-ақ барлық талапкер үшін тестілеуде компьютер экрандарында калькулятор, Менделеев және ерігіштік кестесі қолжетімді болады» деді ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталатынын айта кету керек.



АСТАНА – АЛМАТЫ ТАСЖОЛЫ АЯҚТАЛАДЫ

2024 жылы Астана – Алматы бағытындағы тасжолдың барлық 4 жолағы ашылады.



Жыл соңына дейін Астана – Алматы бағытындағы тасжолды реконструкциялау толығымен аяқталады. Астана – Алматы автожолы – оңтүстік өңірді Қазақстанның орталығымен байланыстыратын негізгі бағыт. Аталған дәлізді реконструкциялау барысында 4 жолақты қозғалысы бар І техникалық санатқа ауыстыру жұмыстарымен қамту арқылы 946 шақырым жол қарасты-

рылған. Оның 874 шақырымында жаңа жабын салынып, көліктің кедергісіз қозғалысы қамтамасыз етілді.

Өткен жылы Астана – Алматы жобасында асфальтбетон төсемімен жүру қамтамасыз етілді. Жалпы 2024 жылдың соңына дейін барлық 4 жолақ бойынша қозғалысты қамтамасыз ете отырып, жобаны аяқтау жоспарланып отыр.

ТҰРҒЫНДАРҒА ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Ауа райының қолайсыздығына байланысты елордалық полиция қала тұрғындарына үндеу жолдады.

Сақшылар, көлік жүргізушілеріне баратын бағытын алдын ала жоспарлап, алыс сапарлардан бас тартуға кеңес береді. Ал жаяу жүргіншілерге жолдан өткен кезде гаджетке үңілмей, құлаққапты шешіп, жақындап келе жатқан көліктің жоқтығына көз жеткізу керегін айтады.

«Астаналық полицейлер тәулік бойы кезекшілік атқарып жатыр. Ауа райының нашарлауына байланысты жүргізушілерден ұзақ сапарға шықпауын сұраймыз. Қала

көшелерінде ауа райының қиын жағдайын ескере отырып, өте сақ болып, белгіленген жылдамдыққа қатаң сақтау керек. Ерекше сақтық шараларын жүргізушілер ғана емес, жаяу жүргіншілер де сақтағаны жөн. Жүргізушілер үшін жолдарда жаяу жүргіншілердің көрінуі қиын, сондықтан көліктердің тоқтағанына көз жеткізіп, жолды белгіленген жерлерден ғана кесіп өту керек» делінген қалалық Полиция департаментінің хабарламасында.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ҚАЗАҚСТАНДА 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

АЕК ӨСІП,
ТӨЛЕМДЕР ҰЛҒАЯДЫ

Қазақстанда 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшері 7 пайызға, яғни 3450 теңгеден 3692 теңгеге өседі. Осыған сәйкес, әлеуметтік төлемдер мен бюджетке төленетін салық, айыппұл мөлшері де ұлғаяды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ
9 ПАЙЫЗҒА АРТАДЫ

«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға сәйкес, 2024 жылы базалық зейнетақы 7 пайызға өссе, ынтымақты зейнетақыға 9 пайыз қосылады. Заңға сәйкес, индексация жөніндегі инфляция деңгейінен 2 пайыз артық жасалады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен 60 пайыздан 65 пайызға дейін ұлғаяды. Мемлекеттік базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері – 28215 теңге, зейнетақының ең төменгі мөлшері 57853 теңгені құрайды.

2024 жылы Қазақстанда орташа зейнетақы 10 мың теңгеге өседі. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова мәлімдегендей, өткен жылы орташа зейнетақы мөлшері 120 мың теңге болса, биыл 130 мың теңгеге өседі. Бұл БЖЗҚ төлемдері қосылмайтын бюджеттен төленетін зейнетақыға қатысты. Тағы бір жаңалық, елімізде кеншілер зейнетке 55 жасында шыға алады. Ол үшін 2 талап қойылады: жасы 55-тен асуы және кейінгі 7 жыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасының болуы қажет.

Биылдан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары енгізіледі. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын өз қаражаты есебінен 2024-2028 жыл аралығында 1,5 пайыздан 5 пайызға дейін кезең-кезеңімен жұмысшылардың пайдасына аудару басталады.

ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ
ӨЗГЕРМЕЙДІ

Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі 2024 жылы өзгермейді, ол өткен жылғы деңгейде сақталады. Жеткіліктілік шегі жас ерекшелігіне қарай 3 миллионнан 10 миллион теңгеге дейін болады. Зейнетақы жинағын жұмсау үшін шоттағы ақша «жеткіліктілік» шегінен асуға тиіс. Қазақстандықтар зейнет жинағының артылған бөлігін баспана алуға, ипотеканы өтеуге және емделуге жұмсай алады. Жеткіліктілік шегі ерлер мен әйелдер үшін бірдей. Бұл ретте зейнетақы жинағының бір бөлігін бір емес, бірнеше рет алу құқығы беріледі.

МЕМЛЕКЕТТІК
ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ӨСЕДІ

1 қаңтардан бастап балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар да өседі. 1, 2, 3 бала туғанда берілетін жәрдемақы 131100 теңгеден 140296 теңгеге дейін, ал 4 және одан да көп бала туғанда берілетін жәрдемақы 217350 теңгеден 232596 теңгеге дейін көбейеді. Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы 4 баласы бар отбасылар үшін 55304 теңгеден 59183 теңгеге дейін, 10 баласы бар отбасылар үшін 138000 теңгеден 147680 теңгеге дейін ұлғаяды. Мүгедектігі бар адамдарға

Мінеки, көзімізді ашып-жұмғанша 2024 жылдың жаңа парағын аштық. Жыл сайын базалық көрсеткіштердің өзгеріп, әлеуметтік салада көптеген жаңалықтың болатынын жақсы білеміз. Биыл елімізде 1 қаңтардан бастап не өзгеретініне қысқаша шолу жасайық.

арналған жәрдемақы мөлшері: I топтағы мүгедектерге – 95496 теңгеге дейін; II топтағы мүгедектерге – 76397 теңгеге дейін; III топтағы мүгедектерге 52089 теңгеге дейін артады.

1 қаңтардан Қазақстанда еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылғанда төленетін төлем мөлшері 7 пайызға өседі. Ол әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді. Бұл қаражат еңбекке қабілетін жоғалтқан 87 мыңға жуық адамды және асыраушысынан айырылған 59 мың адамның қамтиды. Оған қосымша 5 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалады.

1,8 МИЛЛИОН АДАМНЫҢ
ЕҢБЕКАҚЫСЫ КӨБЕЙДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға қол қойғаны мәлім. Осы заңға сәйкес, еліміздегі ең төменгі жалақы, зейнетақы, АЕК мөлшері бекітілді. 1 қаңтардан бастап Қазақстандағы ең төменгі жалақы 85 мың теңге болды. Бұл өзгеріс 1 миллион 800 мың адамның, соның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың адамның әлеуметтік ахуалын жақсартуға септігін тигізеді. Президент еңбекақының ең төменгі мөлшері соңғы 3 жылда 2 есе өскенін мәлімдеді. Бұдан бөлек, базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеуге арналған ең төменгі күнкөріс деңгейі 2024 жылы 43407 теңге болып бекітілді.

КІМНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ
КӨТЕРІЛЕДІ?

2024 жылы балабақша тәрбиешілерінің жалақысын 30 пайызға көтеру көзделген. Осы мақсатқа бюджеттен 96 миллиард теңге бөлінді. Сондай-ақ биыл ғылым саласын қаржыландыруға 242 миллиард теңге жұмсалады. Бұл – 616 жетекші ғалымның жалақысы артады деген сөз.

Жаңа жылдан бастап шәкірт-ақы мөлшері де өседі. Ғылым және жоғары білім министрлігі хабарлағандай, биыл бакалавриатта оқитын студенттердің шәкіртақысы – 47135 теңге (педагогикалық бағытта – 75600 теңге); магистратура – 107061 теңге; докторантура 240000 теңге болады.

Биыл БАҚ өкілдерінің де жалақысы 30 пайызға көбейеді. Бұл үрдіс 2025 жылға дейін жалғасады. 1 қаңтардан бастап су саласындағы қызметкерлердің жалақысы 25 пайызға артады.

МӘМС-ке АУДАРЫЛАТЫН
СОМА ӨСТІ

2024 жылы 1 қаңтардан бастап МӘМС-ке аударылатын ең жоғары сома өсті. Оның деңгейі – 850 мың теңге. Жаңа тәсілмен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға да ақы төлеуге тура келеді. 2024 жылдан бастап олар мәселені тек бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төлеу арқылы шеше алмайды, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар басқа



нұсқаларды таңдауға мәжбүр. Жұмыс берушілер жалақы мөлшерінің 3 пайызын төлейді, бірақ ол сома 25500 теңгеден аспауы керек. Қызметкерлер/фрилансерлер өз табысының 2 пайызын қосады, бірақ ол сома 17 мың теңгеден аспайды. Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын тұлғалар ең

төменгі жалақының (ЕТЖ) 1,4 еселенген мөлшерінің 5 пайызын немесе 5950 теңге төлейді. Дербес төлеушілер ЕТЖ-ның 5 пайызын немесе 4250 теңгесін аударыды. Мемлекет жеңілдікке ие азаматтардың 15 санаты үшін төлеуді жалғастырады. Осы тізімдегі бір азамат үшін 5852,63 теңге төленеді.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН
АҚША АУДАРЫЛАДЫ

1 қаңтардан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске қосылады. Ұлттық қордың жылдық табысының 50 пайызы арнайы шотқа жіберіледі. Бұл шоттағы ақшаны балалар тек кемелет жасына толғанда ғана ала алады. Ақшаны алу үшін ата-аналарға шот ашудың қажеті жоқ. Балалар 18 жасқа толғанға дейін инвестициялық кіріс мерзімінен бұрын алу құқығынсыз есептеледі. Бала 18 жасқа толғанда БЖЗҚ-да оған арналған нысаналы жинаққа шоттары ашылады. Бұл шоттан ақшаны тұрғын үйге және білім алуға пайдалануға болады. Ата-аналар баласының шотына түсетін қаржыны БЖЗҚ немесе eGov арқылы тексеріп отырады. Алдын ала болжам бойынша 2024 жылы 18 жасқа толатын азаматтар бір жыл үшін 160-170 АҚШ долларын алады. Ал биыл дүниеге келген балалар 18 жасқа толғанда 3,5 мың АҚШ долларын алуы мүмкін.

БАЛАЛАРДЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ
АРЗАНДАЙДЫ

Халықтың көші-қон саласындағы заңнаманы жетілдіруге байланысты қабылданған нормалар негізінде биылғы 1 қаңтардан бастап елімізде балалардың төлқұжаты екі есе арзандайды. ПИМ-нің баспасөз қызметі таратқан мәліметке сүйенсек, қабылданған нормалар кемелетке толмаған балаларға берілетін төлқұжат үшін мемлекеттік баж салығын 8 АЕК-тен 4 АЕК-ке дейін төмендетуді, төлқұжатты беру үшін оның беттерінің санына қарай, яғни мемлекеттік баж мөлшерлемесін енгізуді көздейді. 16 жасқа дейінгі балаларға – 4 АЕК мөлшерінде, 36 беттен тұратын төлқұжаттарға – 8 АЕК мөлшерінде, 48 беттік төлқұжаттарға 12 АЕК мөлшерінде баж төленеді.

БІРЫҢҒАЙ КЕЗЕК
БАЗАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Қазақстанда балабақшаға кезекке тұрудың бірыңғай базасы құрылады. Ата-аналар eGov порталы немесе екінің деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы баланы кезекке қою үшін бірден 4 балабақшаға дейін таңдап, кейінірек онлайн форматта берген өтінішінің орындалуын бақылай алады. Балабақшалардың бірінен орын табылған жағдайда, ата-аналарға дереу хабарлама жіберіледі.

КУӘЛІК ПЕН ТӨЛҚҰЖАТ
ҚЫМБАТТАЙДЫ

1 қаңтардан бастап айлық есептік көрсеткіштің 3692 теңгеге өсуіне байланысты құжат алған кезде төленетін мемлекеттік баж мөлшері де артады. Қазақстандықтар жеке куәлікті 738 теңгеге (0,2 АЕК), 36 беттен тұратын стандартты төлқұжатты 29536 теңгеге (8 АЕК) жасатады. Ал 48 беттік төлқұжат үшін мемлекеттік баж мөлшері – 44304 теңге (12 АЕК). Сондай-ақ азаматтар неке қию туралы куәлікке – 3692 теңге (1 АЕК) және қайта алуға – 1846 теңге (0,5 АЕК), жүргізуші куәлігіне – 4615 теңге (1,25 АЕК) және ажырасу туралы өтініш беру үшін 7384 теңге (2 АЕК) төлейді. Ал туу туралы куәлік тегін беріледі.

Бірақ бұл құжатты алуға қайта өтініш берген жағдайда 1846 теңге (0,5 АЕК) төлеу керек.

БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ
ТӨЛЕМ ЖОЙЫЛАДЫ

1 қаңтардан бастап елімізде бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) жойылады. Ол жылдық табысы 4,1 миллион теңгеден аспайтын азаматтар үшін енгізілді. Бірыңғай жиынтық төлем 2019 жылдан 2023 жылға дейін, яғни уақытша қабылданған еді. Бірыңғай әлеуметтік төлем төлейтін азаматтар 2024 жылдан бастап жеке кәсіпкер болып, тиісті салық тәртібін таңдауы қажет.

САУСАҚ ІЗІН ЕРІКТІ
ТҮРДЕ ТАПСЫРАДЫ

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке басты куәландыратын құжат беру кезінде ерікті дактилоскопиялық тіркеу қолданылады. Деректер қорына саусақ ізі дактосканерлер арқылы енгізіледі. Әр азамат халыққа қызмет көрсету орталығына тағы бір өтініш жасағанда оның кім екені саусақ ізі арқылы анықталады. Бұл жоба азаматтарға уақыт үнемдеп, құжатты өз бетінше рәсімдеуге мүмкіндік береді. Ең басты ерекшелігі – суретке түсірген кезде адамның бет-бейнесі танылады. Жобаны әзірлеушілер бұл заң негізінде алаяқтардың заңсыз әрекетіне тосқауыл қойылады деп отыр. Яғни дактилоскопиялық тіркеу арқылы заңсыз құжат рәсімдеу фактілері жойылады.

ДЕКЛАРАЦИЯ
ТАПСЫРМАСА НЕ БОЛАДЫ?

2024 жылдың 1 қаңтарында жалпыға бірдей декларациялау науқанының үшінші кезеңі басталады. Елімізде мемлекеттік қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар, квазимемлекеттік сектор қызметкерлері мен олардың жұбайына қатысты жалпы декларациялаудың екі кезеңі өтті. Бұл іс-шараға барлығы 2,6 миллион адам қамтылған. Декларацияда Қазақстан Республикасының азаматтары нақты мынадай мәліметтерді ұсынуға тиіс:

- бағалы қағаздар;
- цифрлы активтер;
- үлестік қатысу шарттары;
- 10 мың АЕК немесе 34,5 млн теңге шегіндегі қолма-қол ақша;
- шетелдегі жылжымайтын мүлік;
- автокөлік құралдары.

Егер де декларация тапсырмаса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 272-бабының 1-тармағына сәйкес, салық органы алғаш рет ескертумен шектеледі. Сондай-ақ егер адам декларацияда толық емес немесе нақты емес мәліметтер берген жағдайда да бірінші рет ескерту жасалады. Ал енді тіпті елемейтін болса, онда айыппұл салынады. Нақтырақ айтсақ, есепті уақытылы өткізбеген жағдай қайталанса, онда 15 АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді. Қате тапсырған жағдай қайталанса, онда 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

БЕЛГІ ЖАПСЫРУ
МІНДЕТТЕЛЕДІ

Газбен жүретін көліктер жиегі қара түсті және «GAS» деген жазуы бар сары теңбүйірлі үшбұрыш жапсыруға міндеттеледі. Мұндай белгісі жоқ автокөлік жүргізушілеріне 3 АЕК немесе 11076 теңге мөлшерінде айыппұл салынады. Елімізде газбен жүретін 380 мыңнан астам автокөлік тіркелген.

№1 (4589) 04/01/2024 Бейсенбі

Аталмыш бастаманы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Бішкектегі Достастық мемлекеттер басшыларының кеңес отырысында құптады. Президент өз сөзінде еріктілердің ізгі амалдары қоғамда тілеулікті, мейірімділік және жанашырлық қасиеттерінің терең тамыр жаюына елеулі үлес қосатынын, сондай-ақ мұндай адамгершілік талпыныстарға жан-жақты қолдау көрсету маңызды екенін атап өтті. Одан бөлек, Достастық елдері еріктілерінің жыл сайынғы форумын өткізуді және оған ТМД-ның тұрақты алаңы мәртебесін беруді ұсынды. Кейін ТМД елдерінің Үкімет басшылары Мәскеуде бас қосып, іс-шаралар жоспарын белгіледі.

«Бүгінде Достастық елдерінің еріктілері өздерінің тынымсыз еңбегінің арқасында толерантты қоғамның дамуына, қайырымдылық пен мейірімділік мәдениетін қолдауға елеулі үлес қосуды жалғастырып келеді. Достастық елдері еріктілерінің жыл сайынғы форумын өткізу және оған ТМД-ның тұрақты алаңы мәртебесін беру туралы қазақстандық бастаманы іске асыру бойынша нақты жұмыстарды бастауға шақырамын» деді Үкімет басшысы Әлихан Смайылов.

Жетекші волонтерлік ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып дайындалған іс-шаралар жоспары 9 бөлімнен тұрады. Онда 100-ден астам халықаралық акция, кездесу, конференция, зерттеу және басқа да іс-шаралар қамтылды. Жоспар ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, волонтерлік қозғалыс инфрақұрылымын дамыту, волонтерлік қызметке ынталандыруды қолдау және волонтерлік ұйымдардың әлеуетін арттыруға бағытталды. Іс-шаралар жоспарын құруда ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің, ТМД-ның мүдделі салалық ынтымақтастық органдарының, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық ассамблеясы кеңесі хатшылығының, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық қорының ұсынысы ескерілді.



2024: ВОЛОНТЕРЛЕР ЖЫЛЫ МЕН ЖОЛЫ

Адал ниеті және отансүйгіштік қасиетімен өзгеге қол ұшын созу, төтенше жағдай кезінде алдыңғы қатардан табылу, халыққа гуманитарлық көмек үйлестіру, қараусыз қалған жануарларға пана табуға жәрдемдесу секілді істің басы-қасында жүретіндер – волонтерлер. Есеппен емес, қоғамға әлеуеті жеткенше көмектескендердің еңбегі ескеріліп, назардан тыс қалған емес. Себебі 2024 жыл ТМД елдерінде Волонтерлік қозғалыс жылы деп жарияланды.

Волонтерлік қозғалысты жандандыруға бағытталған жұмыстардың нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанның бастамасымен 2026 жылды Халықаралық волонтерлер жылы деп жариялады. Бас ассамблея тиісті резолюцияны қабылдап, осылайша еріктілер қозғалысының ұлттық, аймақтық, тіпті жаһандық деңгейде дамуына тың серпін берілмек.

Оған дейін Қазақстан 2020 жылды Волонтер жылы ретінде атап өтті. 2021-2023 жылдарға арналған волонтерлік қызметті дамытудың жол картасы қабылданды. Қолға алынған шаралардың нәтижесінде еліміздегі

волонтерлік қозғалыс қарқынды дамып келеді. Бұған волонтерлік ұйымдардың өсу динамикасы дәлел. Соңғы 3 жылда ерікті ұйымдардың саны 3 есеге, яғни 224-тен 680-ге дейін өсті. Ал белсенді волонтерлер саны 5 есе өсіп, 50 мыңнан 240 мыңға дейін жетті. Елімізде 700-ге жуық волонтерлік ұйым, 1000-нан астам бастамашыл топ және 1000-нан астам «Күміс волонтер» бар. Qazvolunteer.kz онлайн платформасы іске қосылып, оған 59 мыңнан астам белсенді волонтер және 3,5 мыңнан аса ұйым, мыңнан астам жоба тіркелді. Биыл алғаш рет Астанада Халықаралық волонтерлер

форумы өтіп, 34 мемлекеттің жетекші волонтерлік ұйымдарының басын біріктірді.

«Елімізде 20 өңірлік волонтерлер фронт-офисі жұмыс істейді. Осы жоба аясында бүгінде волонтерлік топтар, ұйымдар топтастырылып, оларға ұйымдастырушылық, ақпараттық, ресурстық қолдау, консультациялық көмек көрсетіледі. Арыс қаласындағы жарылыс, Абай облысындағы өрт, Екібастұздағы төтенше жағдай және Түркиядағы жер сілкінісі секілді оқыс оқиғалар кезінде жылдам әрекет етіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып қоғамға қызмет етуде волонтерлер жұмылған еді. Күнделікті

өмірде, қоғамдық қызметте волонтерлер тарапынан көрсетілетін көмек үлкен рөл атқаратынын есімізден шығармауымыз керек. Қызмет жолын волонтер болудан бастаған қаншама жас бар. Мектеп оқушысынан бастап қарияға әрқашан қол ұшын созуға ұмтылып тұратын волонтерлер бойына мейірімділік, адалдық, еңбекқорлық секілді қасиеттерді жинаған» деді Ұлттық волонтерлер желісі басшысының орынбасары Айбек Досымбетов.

Бас қала бүгінде елдегі волонтерліктің дамуына оң ықпал ететін басты алаң саналады. Орталық Азия елдеріне ортақ кеңсе – Халықаралық волонтерлер орталығы елордада орналасқан. Мұнда әрбір ерікті өз бастамасын жүзеге асыра алады. Сондай-ақ мүлікке ұқыпты қарауға бағытталған «StopVandal» акциясын басын қосқан «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының жанында волонтерлер қозғалысын дамыту бөлімі бар. Бөлімнің негізгі міндеті – жастарды қаланың әлеуметтік өміріне тарту. Сондықтан еріктілер тұрақты негізде волонтерлік қызметтің әртүрлі бағытына қатысады. «Астана жастары» ЖРО базасында волонтерлік ұйымдар мен

тамақ таратты. Волонтерлердің «Birgemiz» фронт-офисі 8 бағыт шеңберінде 80 жоба жүргізуде, оларға 330 млн теңге көлеміндегі шығыс панасыз қалған жануарларды ұстауға, азық-түлік себетін, кеңсе жиынтығын сатып алуға және т. б. мақсатта жұмсалды.

«Жыл сайын «Астана жастары» ЖРО қала бойынша волонтерлік қозғалысты жан-жақты бағыттан қамтуға баса назар аударады. Мысалы, былтыр «Қауіпсіз қала» жобасы шеңберінде тұрақты негізде волонтерлер халықты газдандыру туралы, жылыту маусымы мен көктемгі су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы, шомылу маусымындағы мінез-құлық ережелері туралы ақпараттандыру жұмысына тартылды, сол сияқты қоғамдық мүлікке ұқыпты қарауға бағытталған «StopVandal» акциясын және жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар туралы «Үздік» жобасын көпшілік арасында кеңінен насихаттады. «Қамқорлық мекенжайы» акциясы аясында жалғызбасты тұратын зейнеткерлерге үй шаруасымен көмектесіп, ауласын қардан тазартуға волонтерлер атсалысып келеді. Сондай-ақ біз қала тұрғындары мен қонақтарына аязды күндері бауырсақ пен ыстық шай таратуды ұмытпаймыз. Жақында біз жануарларға арналған баспаналарға бардық, онда біздің волонтерлер жануарлармен серуендеп, аумақты тазалады. Сондай-ақ мектеп оқушылары арасында еріктіліктің маңызын айтып, әлеуметтік белсенділікке жұмылдыру және эко-волонтерлік бағытын күшейту жоспарлануда» деді өз сөзінде «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы волонтер қозғалысын дамыту бөлімінің басшысы Эльвира Есмұханова.

Еріктілікпен айналысып жүргендердің басым бөлігі – жастар. Әсіресе олардың қатарында мектеп оқушыларының көптігі қуантады. Олар үшін де волонтерлік қызметті жоғары оқу орнына түсу кезінде есепке алу сынды мүмкіндік тиімді. Мәселен, сондай жастардың қатарында елордалық волонтер Дана Такенова бар. Былтыр ол «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығында топ жарып, «Салауатты өмір салтына насихаттауға белсенді қатысқаны үшін» аталымының иегері атанды.

«Волонтерлік – қоғамның әр саласындағы түйінді, түйткілді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік институт. Еріктілердің белсенділігі қоғамның жетілуін, оның даму деңгейі мен өздігінен ұйымдасу алу қабілетін көрсетеді. Волонтерлік қанымызға сіңген қасиет саналады. Сондықтан да қайтарымсыз қызмет ету мен игі істерге жақын келеміз. Ал мен үшін бұл – өмірімнің бір бөлшегі. Өзгелерге көмектесіп, олардың алғысын алу шын бақыт сыйлады. Осы жолда мен жақын дос-құрбы да кездестіргеніме қуанамын» деді волонтер.

СОҢҒЫ 3 ЖЫЛДА ЕРІКТІ ҰЙЫМДАРДЫҢ САНЫ 3 ЕСЕГЕ, ЯҒНИ 224-ТЕН 680-ГЕ ДЕЙІН ӨСТІ. АЛ БЕЛСЕНДІ ВОЛОНТЕРЛЕР САНЫ 5 ЕСЕ ӨСІП, 50 МЫҢНАН 240 МЫҢҒА ДЕЙІН ЖЕТТІ. ЕЛІМІЗДЕ 700-ГЕ ЖУЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК ҰЙЫМ, 1000-НАН АСТАМ БАСТАМАШЫЛ ТОП ЖӘНЕ 1000-НАН АСТАМ «КҮМІС ВОЛОНТЕР» БАР

қозғалыстарды шоғырландыруды ұйымдастыру, ақпараттық және ресурстық көмек көрсету, қалада іс-шараларды есепке алуды жүргізу мақсатында қалалық волонтерлер штабы жұмыс істейді. Бүгінде елордада 50-ге жуық волонтерлік ұйым топпен, 4 ҰЕҰ-мен мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда кәсіпорындар мен қала меценаттарымен ынтымақтастық және бірлескен қызмет жүргізіледі. Штапта 6000-нан астам белсенді волонтер бар. Былтыр волонтерлер 1113-тен астам іс-шараның өтуіне бастамашы болды. Волонтерлік ұйымдар 5000-нан астам азық-түлік себетін, 6400 ыстық



Бетті дайындаған Индира БЕРЖАНОВА

ҚАР ТАЗАЛАУҒА АТСАЛЫСТЫ

Астаналық волонтерлер жалғызбасты зейнеткерлер мен қарттар үйінің ауласын қардан тазалауға көмектесті. Шара қаланың 5 ауданында жүргізіледі.

Ауа райының бұзылуына байланысты толассыз жауған қар жеке тұрғын үй секторында тұратындарға, әсіресе қарттарға қолайсыздық туғызуда. Соған байланысты «Астана жастары» мен «Жастар рухы» волонтерлері әзірше елорданың 2 ауданындағы 5 тұрғын үйдің ауласын қардан тазартуға көмектесті.

Еріктілер жалғыз тұратын қарт кісілердің ауласының қарын күреуді, үй шаруасына қолғабыс білдіруді дәстүрге айналдырып келеді. Кезекті акция барысында волонтерлер қала тұрғыны Галина Вербовскаяның ауласындағы қарды күреп, зейнеткердің

алғысын алды.

«Мұндай көмек болғаны қандай тамаша! Жеке үйде тұрғандықтан қыста қар күреу қиындық туғызады. Маған бүгін көмір әкелуі тиіс еді, ал қақпаны қар басып қалған. Сондықтан бұл дер кезінде көрсетілген көмек болды. Қарды өзіміз күресек, әрине, қиын болар еді» деді зейнеткер.

Атап өтерлігі, елордалық волонтерлер қыста қар күреумен қатар, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себетін жеткізуге, қарттарға ағаш жаруға көмектесіп, коммуналдық қызмет мамандарына ыстық шай мен бауырсақ таратты.



ӘКЕНІҢ ПАТША КӨҢІЛІ НЕ ДЕЙДІ?



«Сендердің өкпелейтіндеріңді білгем. Бірақ менікі қайбір данышпандық дейсің?! Ойлап тапқан амалым осы. Айына, жылына бір рет төбе көрсетсеңдер қайда қалдыңдар?! Аттың тері сіңген ер-тоқымға жылан жоламайды. Құрт-құмырсқа, жын-шайтан о бастан. Сол сияқты әке-шешенің тұрған шаңырағында ешнәрсеге ұқсамайтын ғажап бір тәтті иіс бар. «Өліп», сендерді шақырып алғандағы себебім, мақсатым бір-екі күн аунап-қунап, сол иісті сезінсе дедім. Ал бірақ ол иісті сендердің ұмытқандарың қашан... Бөтен ойым жоқ, мүмкін әкелік сағыныш деген осы шығар. Патша көңілдің не ойлайтынын кім білсін, қарақтарым».

Сөйтіп, күдіріп отырып жылататын қойылымда драмалық көріністер молынан кездеседі. Спектакльге әдеттегідей екі актерлік құрам тартылған. Қос құрамда әке мен ана бейнесін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ақш Омар, Боранбай Молдабаев, Лейло Бекназар және Майра Омар сомдайды. Қойлыбай рөлін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылбек Қапаев пен комедиялық кейіпкерлер оң жамбасына келетін Дастан Әлімов ойнайды. Ал балалар мен келіндердің бейнесі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Жанқалдыбек Төленбаев, Ерлан Малаев, Алтынай Нөгербек, Сырым Қашқабаяев сынды танымал актерлермен қатар театрдың белгілі әртістері мен жастарға жүктелген. Олардың арасында бөліп-жаратыны жоқ, бәрі бекітілген рөлдерін жақсы ойнап шықты. Сахнаның әдемі безендірілуін де атап өту керек. Бұл – қоюшы-суретші Тимур Қоссовтың еңбегі. Композитор Қайрат Тоқымбетовтің музыкасы да көрерменді әсерлендіреді.

Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры жаңа жылда алғашқы қойылымын 10 қаңтар күні ұсынады. Ал «Патша көңілім, не дейсің?!» комедиясын 13-14 қаңтар күндері тамашалауға болады.

Қазақ үшін қара шаңырақ ұғымы нені білдіреді? Әкенің отбасындағы, жалпы ер-азаматтардың қоғамдағы орны қандай? Балалар ауылды, туған үйін тастап, неге қалаға кетеді? Жақында Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрында премьерасы өткен «Патша көңілім, не дейсің?!» комедиясы, негізінен, осы сауалдарға жауап іздейді. Туынды авторы – халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қуаныш Жиенбай, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Жұманиязов.

Қазақ балаларының есімін ұйқастырып қояды. Ағайынды Бақберген, Ақберген, Шымберген, Күнберген және 4 ұлдың ортасында жалғыз гүл болып өскен Гүлжәміл – қала тұрғындары. Олардың қара шаңыраққа ат ізін салмай кеткеніне көп уақыт болды. Осы жағдай ауылда қалған ата-анасы Әбдірәсіл мен Шәмшәгүлдің жанына қатты батады. Әсіресе әкені ойландырады. Оның үстіне ауылдастары балаларының келмейтінін бетіне басады. Әке соған намыстанып әрі перзенттеріне сағынышы үдеп, бір қулық ойластырады. Қарттарға қарайласып отырған көршілері Қойлыбайға «Балаларыма телефон шалып, мені өлді деп хабарла» деп айтады. Қойлыбай басында азар да безер болады. Бірақ қария оны көндіреді.

Жаманат хабар жеткен балалар келіндерімен бірге жылап-сықтап ата-ананың




шаңырағына келеді. Оларды Қойлыбай қарсы алады. Сөйтсе, аналарының үйдегі төрт түлікке қараудан қолы босамайды. Қойылымда ене мен келіндердің мәселесі де қозғалады. Төрт келін де әртүрлі сылтау айтып, енені қолына алғысы келмей-

ді. Қазақ «қыз – бауырмал», «қыз – жанашыр» деп жатады, Гүлжәміл «анамды өзім алып кетемін» дейді. Ал әкенің тірі екені анықталып, шындық ашылғанда, Әбдірәсілдің өтірікке барғаны мына монологпен беріледі:

ОТШАШУ МЕН МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТТЕР

Елорданың тұрғын алаптарында, қаланың орталық алаңы, «Қазақ елі» монументінің жанындағы және ЭКСПО алаңдарында жаңа жылдық мерекелік концерттер, демеушілердің есебінен отшашу ұйымдастырылды.



Қала тұрғындары мен қонақтарына Астана қаласы Мәдениет басқармасына қарасты шығармашылық ұжымдар мен танымал әншілердің концерттері ұсынылды. Мерекелік іс-шараларды аталмыш басқармамен қатар қала аудандарының әкімдіктері ұйымдастырды.

Атап айтқанда, «Пригородный», «Өндіріс» тұрғын алаптарында, «Көктал» саябағында Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония, «Наз» мемлекеттік би театры, Астаналық цирк және басқа да ұжымдар жаңа жылдық көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Отшашу қаланың екі жерінде – Ботаникалық бақ пен «Атырау» көпіріне іргелес аумақта ұйымдастырылды. Ал «Жаңа жыл түні» атты мерекелік концертіне «Инжу» тобы, Думан Усаев, Құлайым Қайырбаева, «ДиАрт» тобы, Алмас Кішкенбаев, Ғайни Жұмашева, Аика, Бейбіт Қорған, Еркеш Хасенов, Әли Оқапов, Ауге, «Килиманджаро» тобы, Серік Ибрагимов, Әлішер Кәрімов, Диана Исмаил, Маржан Арапбаева, Кенжебек Жанәбілов, Қапау, басқа да танымал әншілер қатысты.

Музыканың адам өміріне жақсы жағынан әсер ететіні сөзсіз. Әсіресе, бүкіл адамзаттың ортақ құндылығына айналған сиқырлы скрипканың үні кім-кімді болсын ғажайып әлемге шақырғандай. Ол Бағдат Әбілхановтай мықты маэстроның орындауында берілсе, нағыз таңғажайыптың өзі деуге болады.

ӨНЕРМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«Астана Операның» камералық зал сахнасында театрдың камералық оркестрінің орындауында, дирижер Айдар Әбжахановтың жетекшілігінде асқақ өнерді бағалайтын жандардың назарына Антонио Вивальди мен Астор Пьяццоланың «Жыл мезгілдеріне» арналған «Көктем», «Жаз»,

«Күз», «Қыс» әйгілі шығармаларын ұсынды. Солист – оркестр концертмейстері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Әбілханов. Концерт бағдарламасы «Камералық музыка кеші» деп аталды.

Талғамы биік, өнері жарқын Бағдат Әбілханов қатысқан концерттен тың күш жинап, өнердің құдіретіне бас иіді. Сонысымен де өнер ғажап, мәңгілік!

МӘДЕНИ ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



Астана қаласының Мәдениет басқармасына 13 мекеме қарайды. Өткен жылы аталмыш басқарма 28325 іс-шара өткізіп, 2093943 адамды қамтыды. Жалпы 2023 жылы елорданың 25 жылдығы аясында және мемлекеттік мерекелерге орай көптеген іс-шара ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, Ұлыстың ұлы күні, сонымен қатар Қазақстан халқының бірлігі күніне орай өткен мерекелік концерттер, Отан қорғаушылар күніне арналған «Отаным – аманатым», Жеңіс күніне орай «Отанға жайлы естеліктер» іс-шаралары ұйымдастырылды. Сондай-ақ «Filarmónia fest-2023» музыкалық фестивалі, III халықаралық «Құралай» қуыршақ театрлары фестивалі, ашық аспан астында «Аялаған Астана» гала-концерті, Ұлттық домбыра күніне орай

«Домбыра дастаны» мерекелік концерті, «Елорда әуені», «Open Air-2023», 500 дрон қатысқан дрондар шоуы, «Mereke street» жобасы, басқа да іс-шаралар өтті.

М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрына жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізіліп, өткен жылы ұзақ үзілістен соң театр қолдануға берілді. «Наз» мемлекеттік би театры және Музыкалық жас көрермен театрына косметикалық жөндеу жүргізілді. Қаланың 4 кітапханасы да жөнделді.



ASTANA
AQSHAMY

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

2024

01 ҚАҢТАР

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			

02 АҚПАН

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29			

03 НАУРЫЗ

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

04 СӘУІР

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					

05 МАМЫР

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

06 МАУСЫМ

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30

07 ШІЛДЕ

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

08 ТАМЫЗ

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

09 ҚЫРКҮЙЕК

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

10 ҚАЗАН

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			

11 ҚАРАША

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	

12 ЖЕЛТОҚСАН

Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

1 қаңтар – Жаңа жыл; 7 қаңтар – Рождество мерекесі; 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні; 22 наурыз – Наурыз мейрамы; 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні; 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні; 9 мамыр – Жеңіс күні; 17 маусым – Құрбан айт; 6 шілде – Астана күні; 30 тамыз – Конституция күні; 25 қазан – Республика күні; 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №1

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА